

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ҚАҒИДА

1. Жалпы ережелер

1. «Кселл» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы қағида (бұдан әрі - Қағида) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Кселл» АҚ Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексiне сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағида «Кселл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесінің мәртебесін, қызмет тәртібін және құзыретін, оның отырыстарын шақыру және өткізу, шешімдерді ресімдеу рәсімін, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігін айқындайды

3. Директорлар кеңесі – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Қоғамның Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы

4. Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін, Корпоративтік басқару кодексін, осы Қағиданы, сондай-ақ Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

5. Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпқойлық пен объективтілік, парасаттылық, тиімділік, белсенділік, әділдік, адалдық, жауапкершілік және дұрыстық қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері қақтығыстардан аулақ бола отырып, Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделері үшін әрекет етуге және объективті шешімдер қабылдауға тиіс

Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарына, сондай-ақ этикалық стандарттарға және іскерлік этиканың жалпы қабылданған нормаларына толық сәйкестігін қамтамасыз етеді.

6. Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді жүзеге асыру үшін Басқармадан және Ішкі аудит қызметінен Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажетті түсіндірмелерді сұратуға құқылы.

Қоғамның Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңдарында, Қоғамның Жарғысында, осы Қағидада, сондай-ақ Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында көзделген басқа да құқықтары мен міндеттері болады.

7. Акционерлердің жалпы жиналысының өз құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдері Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізілетін жылдық есепті Акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген мерзімде, оның ішінде Қоғамның ішкі бақылау жүйесі туралы есепті ұсынады. Директорлар кеңесі, егер мұндай мәселе күн тәртібіне енгізілсе, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына есеп беруге міндетті.

Директорлар кеңесінің жылдық есебінде өзгеден басқа мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамы, оның ішінде Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз директорлар, тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері, Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелері көрсетіле отырып;

2) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының саны, сондай-ақ директорлардың әрқайсысының Директорлар кеңесі мен өзі құрамына кіретін комитеттің отырыстарына баруы;

3) комитеттердің функцияларын орындау жөніндегі жұмысы туралы есебі, оның ішінде Директорлар кеңесінің комитеттердің жекелеген ұсыныстарын және/немесе ұсынымдарын қабылдамау себептерін көрсете отырып;

4) шешімдер бойынша Директорлар кеңесі немесе Басқарма қабылдайтын мәселелер туралы, сондай-ақ шешімдері Басқарма Төрағасына берілген мәселелер туралы толық ақпаратты қоса алғанда, Директорлар кеңесінің және Басқарманың жұмысы туралы есеп;

5) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы мөлшері;

6) Директорлар кеңесінің, комитеттердің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметіне бағалау жүргізу процесі.

2. Директорлар кеңесінің құзыреті

8. Директорлар кеңесінің құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында айқындалады.

9. Директорлар кеңесі тұрақты негізде (кемінде тоқсан сайын) Басқармадан Жарғының талаптарына сәйкес Басқарма бекіткен мүдделілігі бар мәмілелер туралы есеп алады.

10. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейіндегі мүдделердің әлеуетті қақтығыстарын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

11. Директорлар кеңесі Ішкі аудит мәселелері комитетімен және Ішкі аудит қызметімен бірлесіп:

1) кемінде жылына бір рет Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады;

2) қаржылық есептілік және ішкі бақылау қағидаттарын қолдануды айқындаудың ресми және айқын тәртібін және Қоғамның сыртқы аудиторларымен тиісті қатынастар орнату тәртібін белгілейді.

3. Директорлар кеңесінің құрамы және оның комитеттері

12. Директорлар кеңесіне 9 (тоғыз) мүшеден артық адам сайланбайды, олардың әрқайсысы 1 (бір) дауыс құқығына ие. Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауыстарын Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруге тыйым салынады.

13. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің Төрағасы мен басқа да мүшелері кіреді.

14. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері арасынан сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен өз Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

15. Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу мақсатында ең маңызды мәселелерді қарастыру және оған ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарастырады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

- 3) ішкі аудит;
- 4) тұрақты даму мәселелері және әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақта аталған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

16. Комитеттерді Директорлар кеңесі құрады және олар оның мүшелерінен тұрады. Қажет болған жағдайда комитеттердің құрамына нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар енгізілуі мүмкін.

Қоғам Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Әрбір комитеттің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, комитеттердің құрамы, құзыреті, жұмыс тәртібі, комитет мүшелерін сайлау тәртібі туралы, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын тиісті Қағидамен реттеледі.

Директорлар кеңесінің осы Қағиданың 15-бабының 1-4-тармақшаларында аталған комитеттерін тәуелсіз директорлар басқарады.

17. Комитеттердің отырыстарына комитеттің Төрағасы мен оның мүшелері ғана қатысады. Комитеттердің отырыстарына өзге адамдардың қатысуына тиісті комитеттің шақыруы бойынша ғана жол беріледі.

18. Директорлар кеңесі және оның комитеттері жыл сайын отырыстарды өткізу кестесімен бірге өз жұмысының жоспарын жасайды. Комитеттің отырыстарында хаттама жүргізіліп, ол Директорлар кеңесіне ұсынылады.

19. Директорлар кеңесі жыл ішінде комитеттерден олардың ағымдағы қызметі туралы есепті ұсынуды талап етуге, сондай-ақ осындай есепті дайындау және ұсыну мерзімдерін айқындауға құқылы.

20. Стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі комитеттің міндеттері Қоғам қызметінің басым бағыттарын және оның даму стратегиясын айқындау мәселелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар айқындау және ұсыну болып табылады.

21. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеттің қызметі Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы мәселелері, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа да мәселелер бойынша жәрдем көрсетуге бағытталған.

22. Кадрлар мен сыйақылар мәселелері жөніндегі комитеттің міндеттері Директорлар кеңесіне, Қоғамның еншілес, тәуелді ұйымдарының басшыларына және өзге де қызметкерлеріне кадрлық тағайындау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерін ынталандыру, сыйақы, бағалау жүйесіу әзірлеу болып табылады.

23. Тұрақты даму мәселелері жөніндегі комитеттің міндеттері Директорлар кеңесіне Қоғамның әлеуметтік жауапкершілігі және тұрақты дамуы мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады;

24. Директорлар кеңесі мен оның комитеттері белгіленген тәртіппен Қоғамның тиісті жылға арналған бюджетте көзделген қаражат шегінде сыртқы сарапшылар мен консультанттардың қызметтерін пайдалануға құқылы..

4. Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттар

25. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлау үшін кандидатуралар төмендегілердің арасынан ұсыныла алады:

- 1) жеке тұлға болып табылатын акционерлердің;
- 2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардың;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлғалар.

26. Тәуелсіз директор лауазымына орналасуға кандидаттар мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес келісім-өтініш;
- 2) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білімі туралы құжаттардың, сондай-ақ ғылыми дәрежесінің, лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес кандидат туралы мәліметтер.

27. Директорлар кеңесінің кандидаттары мен мүшелері тиісті жұмыс тәжірибесіне, біліміне, біліктілігіне, өз міндеттерін орындау үшін қажетті оң жетістіктеріне және іскерлік және салалық ортада мінсіз беделіне және акционерлер мен Қоғам мүддесінде бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға ие болуға тиіс.

28. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелігіне кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптарын Кадрлар мен сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет дайындайды.

29. Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелігіне кандидаттардың сапалық сипаттамалары осы Ережеге 3-қосымшада көзделген біліктілік талаптарынан төмен болмауы тиіс.

30. Бір өтінімдегі кандидаттардың саны Қоғам Жарғысында және осы Ережеде көзделген Директорлар кеңесінің сандық құрамынан аспауға тиіс.

31. Кандидаттарды ұсынуға арналған өтінімдерді акционерлер мен Директорлар кеңесіне сайлануға құқығы бар тұлғалар жазбаша нысанда жасайды және Қоғам Басқармасының атына немесе тікелей Директорлар кеңесінің Төрағасына жібереді.

32. Директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну туралы өтінімде (оның ішінде өзін-өзі ұсынған жағдайда) төмендегілер көрсетіледі:

- 1) кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, білімі, жұмыс орны және соңғы 5 (бес) жылда ұйымдарда атқарған лауазымдары (оның ішінде сайланбалы);
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;
- 3) кандидатқа тиесілі коммерциялық ұйымдардағы акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен санаттары туралы ақпарат, сондай-ақ оның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер;
- 4) кандидатты ұсынатын акционердің (лердің) тегі, аты, әкесінің аты (заңды тұлғалар үшін фирмалық атауы), оларға тиесілі Қоғамның акцияларының саны мен санаттары;
- 5) мекенжайлар мен байланыс телефондары туралы мәліметтер;
- 6) кандидаттардың біліктілігін және жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

33. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитетінің ұсынымдары негізінде Директорлар кеңесіне сайлау бойынша дауыс беру үшін кандидаттардың тектерін тізімге енгізеді.

Директорлар кеңесі мынадай жағдайларда Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін тізімге кандидаттардың тектерін қосудан бас тарта алады:

- 1) осы Қағиданың 32-тармағында көзделген өтінім деректерінің толық болмауы.
- 2) кандидаттың Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында, сондай-ақ осы Қағиданың 25, 27, 28, 29 және 41-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес келмеуі.

34. Тәуелсіз директорларға кандидаттардың тізіміне осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақы мәселелері жөніндегі комитет мүшелері толтырған кандидаттарды бағалау парақтары қоса беріледі.

35. Директорлар кеңесінің кандидат тегін Директорлар кеңесіне сайлау бойынша дауыс беру тізіміне енгізуден бас тарту туралы негізделген шешімі оны қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде акционерге (акционерлерге) немесе ұсыныс енгізген мүдделі тұлғаларға жіберіледі.

36. Директорлар кеңесінің кандидат тегін дауыс беруге арналған тізімге енгізуден бас тарту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысына немесе сот тәртібімен шағымдануға болады.

5. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібі, олардың өкілеттіктерінің мерзімі және тоқтатылуы

37. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін (немесе - директорларын) Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында және осы Қағидадада белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысы қайта сайлайды.

38. Қоғамның Директорлар кеңесінде ұсынылатын тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігін құрайды.

39. Директорды сайлау кезінде Қоғам акционерлеріне тәуелсіз директор лауазымына кандидат туралы барынша толық ақпарат, оның ішінде өмірбаяндық ақпарат, кандидат пен Қоғамның өзара қарым-қатынасы туралы ақпарат (аффилендірілу, ынтымақтастық және т.б.) және акционерлерге объективті шешім қабылдауға мүмкіндік беретін кез келген өзге де ақпарат ұсынылуы тиіс.

40. Директорлар кеңесі Қоғамның жылдық есебінің құрамында Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылатын өзінің қызметі туралы жылдық есепте өзі тәуелсіз деп санайтын әрбір директорды көрсетеді. Директорлар кеңесі директордың шешім қабылдау кезінде тәуелсіз болу-болмауын анықтайды, бұл ретте директордың Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкестігін, сондай-ақ директордың тәуелсіз деп танылуына әсер етуі мүмкін қатынастардың немесе мән-жайлардың болуын көрсете отырып, директордың тәуелсіз деп танылу себептерін көрсетеді, оның ішінде, егер директор:

1) соңғы бес жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері болған;

2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жұмыс істегені үшін сыйақыны қоспағанда, Қоғамнан қосымша сыйақы алған немесе алып жүрген;

3) басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай лауазымды атқара отырып, басқа ұйымдарға немесе органдарға осындай қатысу арқылы басқа директорлармен елеулі байланыстары бар;

4) акционерлерді немесе мемлекеттік органдардың мүдделерін білдіреді;

5) осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, қатарынан тоғыз жылдан астам директор болған.

41. Директорлар кеңесіне келесідей тұлға сайлана алмайды

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. Аталған талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады.

Заңды тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

Директорлар кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функциялардың орындалуын өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

42. Төрағадан басқа Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері бола алмайды. Қоғам Басқармасының Төрағасы бір уақытта Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

43. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды акционерлер, Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат дауысқа түскен жағдайды қоспағанда, дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінде мынадай бағандарды қамтуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тізбесі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстардың саны;
- 3) акционердің Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат үшін берген дауыстарының саны.

Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетеньге «қарсы» және «қалыс қалды» дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша толық бір кандидат үшін дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөлуге құқылы. Ең көп дауыс жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланды деп есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты акционерлерге тең дауыс санын жинаған кандидаттарды көрсете отырып, кумулятивтік дауыс беру бюллетендерін ұсыну жолымен қосымша кумулятивтік дауыс беру жүргізіледі.

44. Тәуелсіз директор лауазымына іріктеуден өткен адамдармен Шарт жасалады.

45. Директорлар кеңесінің мүшелері егер Қоғам акционерлері өзгеше шешпесе, 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің мүшесі 6 (алты) жылдан асатын жаңа мерзімге сайланған кезде оның кандидатурасы Директорлар кеңесі құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуға жатады. Бір тұлға қатарынан 9 (тоғыз) жылдан астам уақыт бойы Директорлар кеңесіне тәуелсіз директор болып сайлана алмайды, бірақ ерекше жағдайларда мұндай тұлғаның жыл сайын сайланған жағдайында ол 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлана алады.

Сайланған директорлар тиісті міндеттерін орындаулары үшін жеткілікті уақыт бөлулері тиіс.

46. Акционерлер жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің (барлық мүшелерінің) өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшелерінің өкілеттіктері Акционерлердің жалпы жиналысы олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

47. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі күнтізбелік жыл ішінде Директорлар кеңесі отырыстарының жартысынан азына барған немесе сырттай дауыс беруге қойылған мәселелердің жартысынан азы бойынша толтырылған бюллетеньдерді ұсынса, Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды ұсынуға міндетті.

48. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған акционерлердің кумулятивтік дауыс беруімен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады; бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

Директорлар кеңесі құрамының 30 (отыз) және одан да көп пайызы өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің

жаңа құрамын сайлау туралы мәселе бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

49. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды және егер Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланатын Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады.

50. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өз бастамасы бойынша өкілеттіктерін тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлау арқылы кез келген уақытта жүзеге асырылады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің осы мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтатудың кейінгі күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесінің осындай хабарламаны алған сәтінен бастап тоқтатылады.

6. Директорлар кеңесінің төрағасы

51. Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және осы Ережеде белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесіне басшылық етеді, жұмысын ұйымдастырады, оның қызметінің тиімділігін қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ::

- 1) Қоғам атынан Басқарма төрағасымен еңбек шартын жасасады;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы лауазымына тағайындау үшін кандидатураны ұсынады;
- 3) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін дайындайды;
- 4) мыналарды қамтамасыз етеді:
 - Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысын және олар мен Басқарма арасындағы сындарлы қатынастарды;
 - акционерлермен тиімді өзара қарым-қатынас және акционерлердің позициясын Директорлар кеңесіне жеткізу;
 - Директорлар кеңесі мүшелерінің дәйекті және нақты ақпаратты уақтылы алуы;
 - Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне қызметке кірісу бағдарламасын ұсыну;
 - акционерлердің жалпы жиналысында немесе Жарғыда белгіленген тәртіппен акционерлердің сұрақтарына жауап беру;
- 5) Қоғамның даму стратегиясын (ірі) акционерлермен талқылайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

52. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

7. Корпоративтік хатшы

53. Корпоративтік хатшы - Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылмайтын, Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкері.

54. Корпоративтік хатшы өз қызметі шеңберінде Акционерлердің жалпы жиналыстарын және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауды және өткізуді бақылайды, Директорлар кеңесінің іс жүргізуін ұйымдастырады және құжат айналымын қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыруды қамтамасыз етеді және осы отырыстардың хаттамаларын жүргізеді, Директорлар кеңесінің мүшелеріне қажетті ақпаратты, сондай-ақ:

- 1) Директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындауды ұйымдастырады, отырыстың өткізілетін күні, уақыты, орны туралы ұсыныстар дайындайды;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарының хаттамаларын, дауыс беру бюллетендерін және басқа да құжаттамаларын сақтауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесінің атынан және Директорлар кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша Басқармаға, Ішкі аудит қызметіне, Қоғамның тәуелсіз аудиторына сұранымдарды жіберуді қамтамасыз етеді;

4) Директорлар кеңесінің отырыстарына шығарылатын мәселелердің Директорлар кеңесінің құзыретіне сәйкестігін қарайды;

5) Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылайды және оның отырыстарында Кеңес шешімдерінің іске асырылу барысы туралы баяндайды;

6) Директорлар кеңесі мүшелерінің сұранымдары бойынша қосымша материалдарды жинауды және оларды Директорлар кеңесінің қарауына ұсынуды ұйымдастырады;

7) директорлар қызметіне енгізу процесінде жәрдем көрсетеді;

8) директорларды корпоративтік басқаруды дамытудағы жаңа үрдістер туралы хабардар етеді және директорлар үшін басқару мәселелері бойынша консультациялар өткізуді ұйымдастырады;

9) Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігі мақсатында Директорлар кеңесі мүшелерінің акционерлермен, Басқарма Төрағасымен, Қоғамның лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен үйлестірілген және жедел жұмысын қамтамасыз етеді;

10) осы Қағидада және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

55. Корпоративтік хатшының мәртебесін, функционалдық міндеттерін және қызметінің өзге де мәселелерін Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшы туралы тиісті ережені бекіту жолымен айқындайды.

8. Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру тәртібі

56. Директорлар кеңесі отырыстарды қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде 5 (бес) рет өткізеді.

57. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің кез келген мүшесінің, аудитордың немесе Қоғамның ірі акционерінің талап етуі бойынша шақырылады.

58. Директорлар кеңесінің отырысын шақырудың бастамашысы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты ресімдейді, онда:

1) Директорлар кеңесінің отырысын шақыру бастамашысының атауы немесе тегі, аты-жөні;

2) осы мәселелерді қоюдың себептерін көрсете отырып, ұсынылатын күн тәртібін;

3) Директорлар кеңесінің отырысын өткізудің ұсынылып отырған нысаны.

59. Бастамашы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапқа ұсынылған күн тәртібі бойынша материалдарды қоса беруге міндетті. Отырысты өткізу туралы талап пен қоса беріліп отырған материалдар Директорлар кеңесінің Төрағасына немесе Қоғамның Басқармасына жіберіледі.

60. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғам Басқармасы оны шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ол өтініш келіп түскен кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

61. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан және отырыстың күн тәртібін бекітуден бас тартқан жағдайда күн тәртібін Қоғам Басқармасы қалыптастырады, ол

отырысты Қоғам Жарғысында және осы Қағидада көзделген мерзімде шақыруды қамтамасыз етеді.

62. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысқа арналған күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды қоса бере отырып, отырыстың күнін, уақытын, орнын және күн тәртібін көрсете отырып, Директорлар кеңесінің алдағы отырысы туралы жазбаша хабарлама жібереді.

63. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі.

64. Жеткілікті және толық ақпарат негізінде шешім қабылдау мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелеріне мынадай материалдар жіберіледі:

- 1) отырыстың күн тәртібі;
- 2) күн тәртібіндегі әрбір қаралатын мәселеге ұсынылатын шешімнің жобасын негіздей отырып, түсіндірме жазбалар;
- 3) отырыста қарауға жататын құжаттар мен құжаттардың жобалары;
- 4) егер күн тәртібіндегі мәселені Қоғам Басқармасы алдын ала қараса, Қоғам Басқармасы шешімінің көшірмелері.
- 5) сырттай отырыс өткізілген жағдайда Директорлар кеңесінің сырттай отырысының бюллетені;
- 6) күн тәртібіндегі мәселелерді қарау және талдау үшін қажетті өзге де құжаттар, олар болған кезде (таныстырылымдар, есептеулер, Қоғамның комитеттері мен өзге де алқалы органдарының тиісті мәселелер бойынша шешімдерінің көшірмелері), көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізуді негіздейтін анықтамалық материалдар;

7) Директорлар кеңесі шешімінің жобасы.

Ірі мәмілені және (немесе) мәмілені жасасуға мүдделілік бар мәмілені жасау туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда) қамтуға тиіс.

65. Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесінің мүшелерінен/мүшелерінен күн тәртібінің мәселесі/мәселелері бойынша шешім жобасының ұсынылып отырған редакциясы бойынша елеулі келіспеушіліктердің болуы туралы жазбаша өтініш алған жағдайда, Басқарма Директорлар кеңесіне осындай келіспеушіліктердің бар екендігі туралы және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі бекітілгенге дейін хабарлайды және Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің өткізілетін отырысы шеңберінде мәселені қарау не мәселені өткізілетін отырыстың күн тәртібінен алып тастау туралы шешім қабылдайды.

66. Қоғам Басқармасы мерзімді түрде сапасыз және/немесе жеткіліксіз ақпаратты (Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі бойынша) ұсынған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысында Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын материалдардың сапасын жақсарту жөнінде шаралар қабылдау туралы мәселеге бастамашылық ете алады.

67. Директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін болмаған жағдайларда Директорлар кеңесінің мүшесі бұл туралы Басқарманы және Корпоративтік хатшыны алдын ала хабардар етуге міндетті.

68. Директорлар кеңесінің кез келген отырысы Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің келісімімен кейінге қалдырылуы мүмкін.

9. Директорлар кеңесінің жұмыс тәртібі

69. Директорлар кеңесінің мүшелері еңбекке уақытша жарамсыздық, демалыста, іссапарда болу жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің және комитеттердің

құрамына кіретін барлық отырыстарына, сондай-ақ басқа да объективті себептер болған кезде қатысуға міндетті.

70. Директорлар кеңесінің отырысы, егер оған Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болып табылады.

71. Директорлар кеңесінің сандық құрамы 5 (бес) мүшеден кем болған жағдайда Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мақсатында Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті.

72. Директорлар кеңесінің өз құзыретіне жататын кез келген мәселелер бойынша шешімі, егер оны қабылдауға Директорлар кеңесінің отырысына қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілігі дауыс берсе, Қоғамның заң актілерінде және/немесе Қоғамның Жарғысында белгіленген мәмілелер жасасуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы мәселелер бойынша дауыс беру жағдайларын қоспағанда, қабылданды деп есептеледі.

73. Қабылданған шешім бойынша қарсылығы бар және "қарсы" дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі ерекше пікір білдіруге және оны Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына қоса беруге құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

74. Директорлар кеңесінің отырыстарына Директорлар кеңесінің мүшелері, сондай-ақ тұрақты шақырылған Басқарма Төрағасы мен Корпоративтік хатшы қатысады.

Директорлар кеңесі отырысқа қатысу үшін Қоғамның үшінші тұлғаларын және қызметкерлерін шақыруға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырысты өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы. Егер мұндай қатысу шақырылған адамдарға құпия және өзге де заңмен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қорғалатын ақпаратты құпиялылық туралы қол қойылмай ашуға әкеп соқса, атқарушы органның мүшелері және Қоғамның ішкі аудит қызметінің мүшелері болып табылмайтын тұлғалардың Директорлар кеңесінің отырысына қатысуына жол берілмейді.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің немесе оның комитеттерінің отырысына тұрақты негізде шақырылған бір сарапшының қатысуы туралы өтініш жасауға құқылы. Мұндай қолдау хат шақырылған сарапшының тұрақты қатысуының қажеттілігін негіздей отырып, осындай шақырылған сарапшының қатысуы болжанатын Директорлар кеңесінің немесе оның комитетінің бірінші отырысының күніне дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің Төрағасына жазбаша нысанда жіберіледі.

